



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 75 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І

***Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың  
жұмсалуды бақылау туралы***

**2014 жылғы 24 қазан**

**Алматы**

2014 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) кезекті отырысы өтті.

Отырысқа «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Даму» КДҚ» АҚ, «Бәйтерек девелопмент» АҚ басшылары қатысты.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және «Даму» КДҚ» АҚ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерліктің жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету бойынша бірлескен іс-қимылдар жоспары шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген ақшаны толық игергені туралы хабардар етті.

«Даму» КДҚ» АҚ ақпараты бойынша 2014 жылғы 16 қазандағы жағдай бойынша банктер іс жүзінде 100, 482 млрд. теңге<sup>1</sup> сомаға 438 жобаны қаржыландырған. Оның ішінде 73,4 млрд. теңге сомаға жаңа қарыз алушылардың 288 жобасын қаржыландырған, оның ішінде 25,5 млрд. теңге тамақ өнеркәсібіндегі жобаларға қаржыландыру алды. 27,4 млрд. теңге сомаға 150 жоба қайта қаржыландырылған.

Өңірлер бөлігінде қаржыландырылған жобалардың жалпы көлемінен 43% (42,9 млрд. теңге) Астана, Алматы қалаларына және Алматы облысына тиесілі. Қалған өңірлерге 57% (57,5 млрд. теңге) тиесілі.

Салалар бойынша тамақ өнеркәсібі жобаларының үлесіне қаржыландырылған жобалардың жалпы көлемінен 25% тиесілі.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39, +7 (727) 2 704 585; +7 (727) 330 24 97, e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).*

<sup>1</sup> 482 млн. теңге ШОК субъектілерінің негізгі борышын өтеу нәтижесінде пайда болған, босаған қаражат есебінен өңдеу өнеркәсібіндегі ШОК субъектілерінің жобаларына жолдау көрсету үшін Қазақстан Республикасының ұлттық қорынан бөлінген қаражатты қайталама игерілген қаражат.